



P.F.L.

РК, г. Алматы, ул. Закарпатская д. 51 Индекс: 050000,
БИН: 151140015797, БИК: KZKOKZKX, РНН: 600800558218
P/C: KZ66926180219T158000 в АО «Казкоммерцбанк»
e-mail: info@pflalmaty.kz, Tel: +77055758746; +77013100088
www.pflalmaty.kz

ФУТЗАЛДАН «ALTYN DOP PFL» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИНІҢ ӨТКІЗІЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

А. Қатысу туралы

1. Футзалдан «ALTYN DOP PFL» Республикалық Турниріне (әрі қарай - Турнир) өтініш мерзімі аяқталғаннан кейінгі Prestigious Football League Almaty ұйымдастырушыларымен бекітілген (әрі қарай – PFL) командалар тізіміне қосылған (әрі қарай - Командалар) қатысады.
2. PFL Турнирге қатысушылар тізімі және Командаларды қатысушылар тізімінен шығару туралы шешімдерді өтініштер негізінде шығарады.
3. Командаладың турнирлік кестеде алғашқы орналасуы мен ойындардың уақыты 16 қарашада, сағат 20:00 де PROMENADE CO, Абай даңғылы, 44а адресі бойынша өтетін жеребе тарту жолымен жүзеге асатын болады. Жеребе тарту кезеңі Youtube желісінде тікелей эфирде таратылады.
4. Турнирге қатысатынын растаған және төлемақыны төлеген алғашқы 32 команда қатыстырылады.
5. Қатысу төлемақысы 30 000 (отыз мың) теңгені құрайды.
6. Ойындар кестесі Ережелердің №1 Қосымшасында көрсетілген.
7. Ойындар PFL-дың Youtube каналында тікелей эфирде комментатормен жүргізілетін болады.

Б. Негізгі ереже

1. Турнирдің өткізілу датасы – 17-18 қараша 2018ж.
2. Турнирдің өткізілетін жері – Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71/20 адресі бойынша орналасқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университетінің футзалы
3. Ойындардың өту форматы – 5x5 (4 алаң ойыншасы + 1 қақпашы).
4. Турнир әр группада "барлығы бір-бірімен" ережесі бойынша 1 кездесумен өтеді.

Өз группасында (А, В, С, D, E, F, G, H) 1 және 2 орын алған Командалар әрі қарай Турнирде Чемпиондық атақ үшін плей-офф кезеңін

1/8 финал: 1 орын А (A1) – 2 орын Е (E2)

1/8 финал: 1 орын В (B1) – 2 орын F (F2)

1/8 финал: 1 орын С (C1) – 2 орын G (G2)

1/8 финал: 1 орын D (D1) – 2 орын H (H2)

1/8 финал: 1 орын E (E1) – 2 орын A (A2)

1/8 финал: 1 орын F (F1) – 2 орын B (B2)

1/8 финал: 1 орын G (G1) – 2 орын C (C2)

1/8 финал: 1 орын H (H1) – 2 орын D (D2)

1/4 финал: A1E2 – C1G2

1/4 финал: B1F2 – D1H2

1/4 финал: E1A2 – G1C2

1/4 финал: F1B2 – H1D2

Полуфинал: A1E2 C1G2 – F1B2 H1D2

Полуфинал: B1F2 D1H2 – E1A2 G1C2

3-орын үшін ойын

Финал жүйесі бойынша ойнайды.

5. Жеңімпаз ең көп жиналған ұпай бойынша анықталады. Әр жеңіске 3 ұпай, тең ойынға 1 ұпай, жеңіліске 0 ұпай беріледі.

Бірінші кезеңде бір немесе бірнеше команданың ұпайы тең болған жайғдайда орындар төмендегідей анықталатын болады:

Бір-бірімен ойнаған ойын нәтижесі бойынша:

- 1) өзара ойын нәтижесі
- 2) доп айырмашылығы
- 3) салынған голдар саны

Барлық ойындардағы жеңіс саны бойынша;

Барлық ойындардағы ең үздік доп айырмашылығы бойынша;

Барлық ойындарда соғылған голдар саны бойынша;

Матч уақыты

Ойын.

Матч 10 минуттан *таза уақыт емес** 2 таймнан тұрады. Уақытты ойын Төрешісі бақылайды. Қосылған уақыт. Ойын уақытына ойыншының жарақатың деңгейін анықтауға, жарақат алған ойыншыны медициналық көмек көрсетуге алаңнан шығаруға, уақытты созуға тырысқанда, кез-келген басқа жағдайларға кеткен уақыт қосылады. Қосылған уақыттың мөлшерін тек төреші анықтайды. Қақпашыға берілген пастар саналмайды. Қызыл қағаз алған ойыншы келесі бір ойынға қатыса алмайды.

Тайм-аут.

Командалар төменде көрсетілген жағдайларда әр таймда 1 минуттық тайм-аут ала алады:

- ❖ төрешіден немесе матч инспекторынан тек команданың бас жаттықтырушысы ғана тайм-аут сұрай алады.
- ❖ Тайм-аутты кез-келген уақытта сұрауға болады, алайда төреші немесе матч инспекторы тайм-аутты доп ойын алаңнан шығып, тайм-аут сұраған команданың иелігінде болған кезде ғана береді.
- ❖ Тайм-аут кезінде ойыншылар алаңда болуы тиіс. Егер ойыншылар команда жетекшілерінен нұсқау алғысы келген жағдайда, өз техникалық зонасында болуы тиіс. Команда жетекшілеріне алаңға шығуына тыйым салынады.
- ❖ Бірінші таймда тайм-аут алмаған команда екінші таймда тек бір тайм-аут алуға құқылары бар.

Таймдар арасындағы үзіліс.

Таймдар арасындағы үзіліс 5 минуттан аспауы тиіс.

Пенальти

1. Плей-офф кезеңінде тең нәтиже кезінде 6 метрлік белгіден 3 реттен пенальти сериясы өткізіледі.
2. Ойын төрешісі пенальти сериясының қай қақпада өтетінін таңдайды. Қақпа өткізіліп жатқан алаң немесе қақпа жарамсыз болып қалған жағдайда ғана ауыстырылады. Ойын төрешісі жеребе тартып, жеңген команда капитаны қай команданың бірінші болып бастайтынын шешеді.

3. 6-метрлік белгіден соққыларды әртүрлі ойыншылар жасауы тиіс. Қайталап соққы жасауға тек соққы жасауға құқығы бар ойыншылардың барлығы соққы жасағаннан кейін ғана (қақпашыны есптегенде) мүмкіндік алады.
4. Егер қос команда 3 реттен соққы жасағаннан кейін бірдей гол соқса немесе ешқандай гол соғылмаса, пенальти сериясы бастапқы ретпен қос команданың бірі екіншісіне қарағанда бірдей соққы санымен бір гол артық соқпайынша жалғаса береді. Барлық алаң ойыншылары мен қосалқы ойыншылар 6-метрлік белгіден соққы жасауына болады. 6-метрлік белгіден соққы жасау кезінде қақпашы кез-келген алаң ойыншысымен алмастырыла алады.
5. Доптың және ойыншылардың орналасуы:
 - Доп пенальти тебуге арналған белгіде орналасуы тиіс
 - Соққы жасайтын ойыншы анық анықталуы тиіс
 - Қорғанушы команданың қақпашысы соққы орындаушы ойыншыға бетпе-бет, қақпа сызығында орналасып, сызықтан соққы жасалмайынша асуына болмайды (алайда, сызық бойынша қозғалуына болады)
6. Қалған ойыншылар (соққы жасаушыдан бөлек) төмендегідей орналасуы тиіс:
 - Айып алаңының сыртында
 - Пенальти белгісінің артында
 - Доптан кем дегенде 5 метр қашықтықта
7. Төреші ойыншылар жоғарыда аталған орындарда болмайынша соққы жасауға белгі бермейді.
8. Доп қақпаға кіріп, соққыдан кейін қақпашыға немесе қақпа конструкциясына тиіп қақпа сызығынан асқан жағдайда гол есептеледі.

ЖАРЫС ТӨРЕШЛІГІ

1. Төрешілік Ойын ережесіне және PFL Регламентіне сәйкес жүзеге асады.
2. Жарыста төрелік етуге PFL ойындарында төрелік ететін білікті төрешілер мен білікті инспекторлар шақырылады.
3. Әр ойында екі төрешіден болады .
4. Ойын төрешісі матчтың кезінде және біткеннен кейін матчтың Ресми өілі болып табылады. Төрешіге қатысты кез-келген іс-әрекет **PFL Ресми өкіліне қатысты деп танылатын болады.**
5. Ойынға тағайындалған төрешіні ауыстыру туралы өтініштер қабылданбайды.
6. Төрешіге, ұйымдастырушылар мен басқа да ресми тұлғаларға тікелей немесе жанама қатысты барлық оқыс жағдайларда Төреші мен матч Инспекторы турнир ұйымдастырушыларының талдауы үшін жазбаша рапорт толтыруы тиіс. Хронометрист бұл жағдайларды матч хаттамасына жазып отырады.

ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ

Егер ойыншы бір ойында 2 сары қағаз немесе қызыл қағаз алса, алаңнан шығарылады және ойыншының осыған дейін алған ескертулері жойылмайды. Егер ойыншы әртүрлі ойында 3 (үш) сары қағаз алатын болса, ол келесі ойынға қатыстырылмайды және ескертулер жойылады.

Алаңнан қуылған ойыншы әрі қарай алаңға қайта орала алмайды. Ол ойыншыны ауыстыратын ойыншы ойынға 2 минуттан кейін ғана қосыла алады. Уақыт ойыншы алаңнан қуылған сәттен басталып есептеледі. 2 минутта гол салынбаған болса, төрешінің немесе матч инспекторының рұқсатымен қуылған ойыншының әріптесі ойынға қосылады.

Толық емес құраммен ойнап жатқан жағдайда:

- көп құраммен ойнап жатқан команда аз құраммен ойнап жатқан командаға гол соққан жағдайда аз ойыншымен ойнаған команда құрамын бір ойыншымен толықтырады
- қос командада ойыншылар саны тең жағдайда гол соғылса командалар сол құраммен ойынды жалғастыра береді
- аз құраммен ойнап жатқан команда гол соқса, ойын сол құраммен жалғаса береді

В. Басқа да шарттар

1. Турнирге қатысу туралы өтінішке енгізілген адамдар саны 15 (он бестен) аспау тиіс. Қатысу туралы өтініште әр ойыншының аты-жөні, номері, қолтаңбасы, дәрігердің қолтаңбасы мен мөрі, сонымен қатар кем дегенде 2 команда жетекшісінің байланыс мәліметтері болуы тиіс (қатысу туралы өтініштің №2 Қосымшасын қараңыз). PFL-де қай командаға тіркелгенін тексеру мақсатында турнир кезінде ойыншылар өздерімен бірге жеке куәлігін немесе туу туралы куәлігін алып жүруі тиіс. Бөгде адамадар турнирге қатыстырылмайды, аталған ереже бұзылған жағдайда команда турнирден шеттетіледі. Қатысу туралы өтінішке қол қою арқылы әр ойыншы жарақат алу мүмкіндігі туралы ескертілгенін және оған толықтай өзі жауап беретінін, бойында ойын кезінде өміріне қауіп төндіретін ешқандай аурудың жоқтығын, турнир кезінде орын алу мүмкін кез-келген оқыс жағдайдың жауапкершілігін толықтай түсінетіндігін, PFL-ге ойыншының денсаулығына қатысты ешқандай материалдық талаптардың, сонымен қатар турнир кезіндегі жоғалған жеке заттарға байланысты жоқтығын растайды.
2. Турнирге әке жақтан тікелей туыстығы бар отбасылар қатыстырылады. Туыстық қатынастың анықталу түрлері: бауыр – әке жақтан тікелей біртуған туыстық, біртектес – бір атаның немерелері.
3. **Командаға туыстығы жоқ, 50 және одан жоғыры жастағы бір ойыншыны қосуға болады.**
4. **Командаға неке туралы куәлікпен немесе туыстығы көрсетілген әйел адамды қосуға болады.**
5. Қатысу туралы өтініштің скан көшірмесін 10 қарашадан кешіктірмей info@pflalmaty.kz эл.адресіне жіберу қажет.
6. Турнир ойындару өту барысында ойын хаттамасына кем дегенде 5 және 15 ойыншыдан артық емес ойыншылар толтырылуы тиіс. Ойын хаттамасында көрсетілген ойыншылар ойынға ауысып кіре алады. Ойыншылар шектеусіз ауысы алады. Ойыншылардың ауысып ойынға қайта кіруіне рұқсат етілген.
7. Ойыншыларға тек залға арналған тегіс табанды аяқ киім киюіне рұқсат етілген.
8. Ойыншылар Турнир кезінде тек бір командаға ойнауы тиіс.
9. Турнирге қатысушы команда, команда жетекшілері және футболшылар аталған Ережелерді толықтай орындауға, сонымен қатар, Стадионның бекіткен ережелері мен тәртіптерін ұйымшылдықпен, өзара және көрермендермен сыйластықпен орындауға міндетті.
10. Командалар ойынның төрешілері мен ойын инспекторының және де ойынның басқа да ресми өкілдерінің іс-әрекетіне араласуға құқығы жоқ ойыншылары, жетекшілері мен көрермендерінің іс-әрекетіне Ережелерге сәйкес жауапты.
11. Командалар Ережелер бекіткен міндеттердің орындалмауы мен тиісті деңгейде орындалмауына жауапты.

Қандай да жағдай болмасын ұйымдастырушылары турнир регламентін өзгертуге құқылы.

С. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

1. Турнир аяқталуымен жүзделі орындарға ие болған Командаларды марапаттау рәсімі өтеді.
2. Сонымен қатар:
 - Үздік қақпашы
 - Үздік бомбардир
 - Үздік ойыншы
 - Үздік қорғаушы
 - Үздік шабуылшы номинациялары бойынша бағалы сыйлықтар табысталады.

Ұйымдастырушылардың байланыс номерлері:

Мейрамғалиев Мерхат +7 701 715 0972;


Насыпбаев Арман +7 705 575 8746;

Казмағанбетов Абужан +7 771 595 3095.

Құрметпен
“P.F.L.” ЖШС Бас Диреторы



Насыпбаев А.Ж.



Турнирлік кесте

Грушалар:

Group A		Group B		Group C		Group D	
1	1	1	5	1	9	1	13
2	2	2	6	2	10	2	14
3	3	3	7	3	11	3	15
4	4	4	8	4	12	4	16
Group E		Group F		Group G		Group H	
1	17	1	21	1	25	1	29
2	18	2	22	2	26	2	30
3	19	3	23	3	27	3	31
4	20	4	24	4	28	4	32

Сенбі күнгі ойындар:

Group	Команда1	Команда2	время	Group	Команда1	Команда2	время
Сбор			9:00	Сбор			9:00
Открытия			9:30	Открытия			9:30
			9:45				9:45
A			10:00	A			10:00
E			10:25	E			10:25
A			10:50	A			10:50
E			11:15	E			11:15
A			11:40	A			11:40
E			12:05	E			12:05
B			12:30	B			12:30
F			12:55	F			12:55
B			13:20	B			13:20
F			13:45	F			13:45
C			14:10	C			14:10
G			14:35	G			14:35
C			15:00	C			15:00
G			15:25	G			15:25
F			15:50	F			15:50
H			16:15	H			16:15
F			16:40	F			16:40
H			17:05	H			17:05
Поле 1			17:30	Поле 2			17:30

Жексенбі күнгі ойындар:

Воскресенье				Воскресенье			
	Команда1	Команда2	время		Команда1	Команда2	время
F			9:00	F			9:00
H			9:25	H			9:25
C			9:50	C			9:50
G			10:15	G			10:15
B			10:40	B			10:40
F			11:05	F			11:05
1/8 финал			11:30	1/8 финал			11:30
1/8 финал			12:00	1/8 финал			12:00
1/8 финал			12:30	1/8 финал			12:30
1/8 финал			13:00	1/8 финал			13:00
1/4 финал			13:30	1/4 финал			13:30
1/4 финал			14:00	1/4 финал			14:00
1/2 финал			14:50	1/2 финал			14:50
за 3 место			15:40		Поле 2		15:20
Финал			16:10				
	Поле 1		16:40				

Марапаттау Рәсімінің басталу уақыты 16:50

